



Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында мемлекеттік бағдарламалар әзірлеу ережесі туралы" Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 21 қаңтар N 65

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында мемлекеттік бағдарламалар әзірлеу ережесі туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасында мемлекеттік бағдарламалар әзірлеу ережесін бекіту туралы

Мемлекеттік бағдарламалар әзірлеуге бірыңғай көзқарасты қамтамасыз ету мақсатында Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында мемлекеттік бағдарламалар әзірлеу ережесі (бұдан әрі - Ереже) бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мемлекеттік бағдарламалар әзірлеу кезінде осы Ережені басшылыққа алсын.
3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы " _ _ _ _ " _ _ _ _ _ _ _ _

N _ _ _ _ _ Ж а р л ы ғ ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасында мемлекеттік бағдарламалар әзірлеу ережесі 1.

Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасында мемлекеттік бағдарламалар (бұдан әрі - мемлекеттік бағдарлама) әзірлеуге бірыңғай көзқарасты қамтамасыз ету мақсатында әзірленді және мемлекеттік бағдарламалар жобаларының ұйымдық-әдістемелік негіздерін, жобаларды қалыптастырудың жалпы қағидаттарын, оларды әзірлеу, келісу және бекіту, сондай-ақ оларды іске асыру үшін бақылауды жүзеге асыру тәртібін

а й қ ы н д а й д ы .

2. Мемлекеттік бағдарламаларды Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған даму стратегиясына, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық және индикативтік жоспарларына сәйкес экономикалық, әлеуметтік және өмірдің басқа да салаларындағы жалпы ұлттық сипаттағы неғұрлым маңызды мәселелерді шешу үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары немесе Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесші органдары немесе жұмыс топтары (комиссиялар) әзірлейді.

3. Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабына сәйкес мемлекеттік бағдарламаны Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

4. Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

5. Мемлекеттік бағдарламалар неғұрлым ірі және маңызды экономикалық, әлеуметтік және басқа да міндеттерді шешуге бағытталған өзара байланысты шаралар кешенін айқындайды, мақсаттарды дәлме-дәл айқындап алуға негізделеді және Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған даму стратегиясында , Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық және индикативтік жоспарларында айқындалған ұзақ мерзімді стратегиялық басымдықтарды ескере отырып, алға қойылған мақсатқа қол жеткізуді қамтамасыз ететін іс-шаралардың мерзімдері, ресурстары және орындаушылары бойынша келісілген жүйені қамтиды.

6. Мемлекеттік бағдарламалар Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы индикативтік жоспарының құрамында бекітілетін Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы және әзірленетін мемлекеттік және салалық (секторальдық) бағдарламалар тізбесіне (бұдан әрі - Тізбе) енгізіледі.

7. Бағдарламалар жөніндегі уәкілетті органды (бұдан әрі - уәкілетті орган) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді, оның құзыретіне мыналар енеді:

бағдарламалар әзірлеу жөніндегі орталық мемлекеттік органдардың қызметіне әдістемелік басшылықты жүзеге асыру;

Тізбені қалыптастыруды және оны одан әрі жүргізуді жүзеге асыру;

бағдарламалардың орындалуына жалпы бақылауды жүзеге асыру;

бағдарламаларды іске асырудың тиімділігін (нәтижелілігін) бағалауды жүргізу.

2. Мемлекеттік бағдарламаларға қойылатын негізгі талаптар

8. Мемлекеттік бағдарламалар:

Қазақстан Республикасының заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілері бойынша;

Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы;

жалпы ұлттық сипаттағы неғұрлым маңызды міндеттерді шешуге және мемлекеттің

қорғаныс қабілеті мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған салааралық сипаты бар мәселелер бойынша сәйкес әзірленеді.

9. Мемлекеттік бағдарламалар орта мерзімді (кемінде 3 жыл) немесе орта мерзімді үш жылдық кезеңдерді міндетті түрде бөле отырып 3 жылдан астам ұзақ мерзімді кезеңге әзірленеді.

Ұзақ мерзімді бағдарламаларды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары тиісті орта мерзімді кезеңдерге әзірленеді.

10. Мемлекеттік бағдарламалар мынадай негізгі қасиеттерге ие болуы тиіс:

1) бағдарламаның нақты мақсаттарын, оларды іске асыру жолдарын және тетіктерін айқындаудың нақтылығы;

2) бағдарламалық іс-шаралар мен тапсырмалардың атаулылығы, оларды іске асыру мерзімдерінің нақты айқындалуы және дәйектілігі, орындаушылар қызметінің бағдарламалық мақсаттарға қол жеткізуге қатаң бағдар ұстануы;

3) басқа да бағдарламалармен келісімділікке қол жеткізу;

4) қаржы, еңбек, техникалық ресурстардың және оларды қамтамасыз ету көздерінің теңгерімділігі.

11. Мынадай:

1) негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерге пайыздық ара-қатынаспен өлшенетін шығыстар көлемін реттейтін;

2) тиісті қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді қабылдап алғаннан кейін оның кірістерін кемітуге және (немесе) шығыстарын ұлғайтуға әкеп соқтыратын;

3) қаржыландыру көздері мен мерзімдерінің бөлінісінде қаржыландыру көлемдері жөніндегі республикалық бюджет комиссиясының оң қорытындысынсыз;

4) қолданыстағы бағдарламалардың мақсаттары мен міндеттерін, сондай-ақ осы бағдарламаларды іске асыру жөніндегі іс-шараларды қайталайтын;

5) жекелеген саланың немесе нақты аймақтың (қаланың, аумақтың) проблемаларын шешуге бағытталған;

6) осы Ереженің 8 және 10-тармақтарында белгіленген талаптарды сақтамаған жағдайда мемлекеттік бағдарламаларды бекітуге жол берілмейді.

3. Мемлекеттік бағдарламаның құрылымы

12. Мемлекеттік бағдарламаның құрылымы мынадай бөлімдерден тұрады:

1) паспорт (негізгі параметрлері);

2) кіріспе;

3) проблеманың қазіргі жай-күйін талдау;

4) мемлекеттік бағдарламаның мақсаты мен міндеттері;

5) мемлекеттік бағдарламаның негізгі бағыттары мен іске асыру тетігі;

6) қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері;
7) мемлекеттік бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже және оның индикаторлары.

13. Паспортта: атауы, әзірлеу негіздемесі, негізгі орындаушы, мақсаты мен міндеттері, іске асыру мерзімдері (кезеңдері), қаржыландыру көлемі мен көздері, күтілетін нәтижелері қамтылатын мемлекеттік бағдарламаның негізгі параметрлері сипатталады.

14. Кіріспеде мемлекеттік бағдарламаны әзірлеудің негіздемесі, оны әзірлеудің қажеттілігі көрсетіледі.

15. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау заңдық және сапалық сипаттамаларды, күшті және әлсіз тұстарын, орын алып отырған проблемаларды, осының алдындағы бірнеше жыл ішінде серпінділіктегі экономикалық негізгі көрсеткіштерді көрсетуі, сондай-ақ осы проблеманы шешу жөніндегі шетелдік оң тәжірибенің шолуын қамтуға тиіс.

16. Мемлекеттік бағдарламаның мақсаты мен міндеттері дәл және нақты болуға тиіс.

Бағдарламаның мақсаты Қазақстан Республикасының әлеуметтік- экономикалық дамуының стратегиялық және индикативтік жоспарларынан көріне отырып, қалыптасады.

Міндеттер алға қойылған мақсатқа неғұрлым тиімді әдістермен қол жеткізу жолын айқындайды.

17. Мемлекеттік бағдарламаның негізгі бағыттары мен оны іске асыру тетіктерінде орын алып отырған проблемаларды шешу жөніндегі жұмыстардың негізгі бағыттары мен құралдарының тізбесі, сондай-ақ алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу жөніндегі тетіктер көрсетіледі.

18. Мемлекеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері мыналар болуы мүмкін: республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты, мемлекеттік заемдар, мемлекеттік кепілге тартылатын мемлекеттік емес заемдар, тікелей шетелдік және отандық инвестициялар, халықаралық қаржы экономикалық ұйымдарының немесе донор елдердің гранттары, екінші деңгейдегі банктердің кредиттері, ұйымдардың өз қаражаты және Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған басқа да қаржы көздері.

Мемлекеттік бағдарлама республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылған жағдайда үш жылдық кезеңге арналған республикалық және жергілікті бюджеттердің болжамды көрсеткіштеріне сәйкес жылдар, іс-шаралар және қаржыландыру көздері бойынша қаржыландырудың нақты көлемдері көрсетілуі тиіс.

19. Мемлекеттік бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже: мемлекеттік бағдарламаны тұтастай алғанда және кезең-кезеңмен іске асыру нәтижесінде қол жеткізілуі мүмкін материалдық және материалдық емес өзгерістерде;

кол жеткізуге мемлекеттік бағдарлама бағытталған сапалық және сандық параметрлерді сипаттайтын индикаторларда (болжамды көрсеткіштерде) көрініс береді.

Индикаторлар бақыланатын және тексерілетін, мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жылдары бойынша анықталатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарының негізгі көрсеткіштеріне сәйкес болуы тиіс.

20. Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Ережелерге сәйкес әзірленеді.

4. Мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу және бекіту тәртібі

21. Мемлекеттік бағдарламаны әзірлеу мен бекітудің мынадай кезеңдері бөлінеді:

- 1) ұйымдастырушылық;
- 2) мемлекеттік бағдарлама жобасын әзірлеу;
- 3) мемлекеттік бағдарламаны келісу және бекіту.

22. Мемлекеттік бағдарлама жобасын әзірлеудің ұйымдастырушылық кезеңі мыналарды қамтиды:

1) мемлекеттік бағдарламаның жобасын тізбеге енгізу үшін уәкілетті органға Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарының жобасын қалыптастыратын жылдың алдындағы жылдың 5 желтоқсанынан кешіктірмей ұсыныстар жіберу. Ерекше жағдайларда көрсетілген мерзімді Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі ұзартуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарын әзірлеу кезеңінде уәкілетті орган кейіннен Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу үшін әзірленетін мемлекеттік бағдарламалар тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметіне береді.

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті шешімімен белгіленетін мемлекеттік бағдарламаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік органды айқындау.

Қажет болған кезде Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен немесе Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімімен мүдделі мемлекеттік органдардың және ұйымдардың өкілдерінен қалыптастырылған мемлекеттік бағдарлама әзірлеу жөніндегі комиссия (жұмыс тобы) құрылады;

3) мемлекеттік бағдарлама әзірлеу үшін жауапты мемлекеттік орган басшысының құжаттарды (мемлекеттік бағдарлама әзірлеудің үйлестіру жоспары, мемлекеттік бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, оның тұжырымдамалық көзқарастары, мемлекеттік бағдарламаның негізгі бөлімдерінің құрылымы) бекітіп, оларды кейіннен бірге орындаушы - мемлекеттік органдар мен ұйымдарға жіберу.

23. Мемлекеттік бағдарламаның жобасын әзірлеу кезеңі мыналарды:

1) мемлекеттік бағдарламаның бірге орындаушы ұйымдардың мемлекеттік бағдарламаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік органға оның сұрау салуы негізінде тұжырымдамалық көзқарас бойынша және әзірленіп жатқан мемлекеттік бағдарламаға бөлімдер, оның мақсаттары мен міндеттері, сондай-ақ оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бойынша ұсыныстар беруді;

2) бірге орындаушы ұйымдардың ұсыныстары негізінде мемлекеттік бағдарламаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік органның (комиссияның жұмыс тобының) мемлекеттік бағдарламаның және оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобаларын әзірледі көздейді.

24. Мемлекеттік бағдарламаны келісу кезеңі:

1) мемлекеттік бағдарламаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік органның (жұмыс тобы жетекшісінің) мемлекеттік бағдарлама жобаларын және оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын келісуге мүдделі мемлекеттік органдарға жіберуін;

2) мемлекеттік бағдарлама жобаларын және оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын қаржыландыру көздері мен мерзімдері бөлінісінде бағдарламалық іс-шараларды қаржыландыру көлемі бойынша қорытынды алу үшін тиісті бюджет комиссияларына жіберуін қамтиды.

Егер, мемлекеттік бағдарлама жобасы республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландыруды қажет еткен жағдайда, ол бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін қарау кезеңінде бюджет комиссиясына енгізіледі.

Республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландыру көзделетін мемлекеттік бағдарлама жобасында көзделген іс-шаралар тиісті бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімде ұсынылатын бюджеттік бағдарламалармен байланыстырылуы тиіс.

25. Мемлекеттік бағдарламаны бекіту кезеңі өзіне:

1) белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына мемлекеттік бағдарламаны бекіту туралы шешім жобасын ұсынуды;

2) белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына мемлекеттік бағдарламаның жобасын ұсынуды;

3) Қазақстан Республикасы Президентінің мемлекеттік бағдарламаны бекітуін қамтиды.

5. Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру, мониторингін жүзеге асыру және іске асырылуын бағалау тәртібі

26. Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру мынадай кезеңдерге бөлінеді:

1) мемлекеттік бағдарламаны және іс-шаралар жоспарын іске асыру;

2) мерзімді мониторинг жүргізу;

3) мемлекеттік бағдарламаның іске асырылуына баға беруді жүзеге асыру;

4) мемлекеттік бағдарламаны аяқтау (жалғастыру) туралы шешім қабылдау.

27. Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру процесі:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің бекітілген мемлекеттік бағдарлама бойынша шешімдерін және оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын тиісті мемлекеттік органдарға жеткізуден;

2) мемлекеттік бағдарламаны әзірлегені үшін жауапты мемлекеттік органның қажеттілік кезінде, мемлекеттік органдардың ұсыныстары бойынша мемлекеттік бағдарламаға түзетулерді енгізуден тұрады, бұл орайда тиісті бюджеттен қаржыландыру көлемін өзгертетін түзетулер тиісті бюджет комиссиясымен келісуді т а л а п е т е д і .

28. Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру мониторингін жүзеге асыру процесі:

1) мемлекеттік бағдарламаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік органның, мемлекеттік бағдарламаны іске асыру барысына мониторингті жүзеге асыруынан және қажет болған кезде оған өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеуінен;

2) белгіленген мерзімде бірге орындаушы мемлекеттік органдардың оларға бекітілген мемлекеттік бағдарламаның бөлімдерін және іс-шаралар жоспары тармақтарын орындау жөніндегі есептерін Қазақстан Республикасы Президентінің шешімдерінде айқындалған мемлекеттік бағдарламаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік о р г а н ғ а ұ с ы н у ы н а н ;

3) мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі есептерді Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне, Қазақстан Республикасының Үкіметіне және уәкілетті органға мерзімді ұсынуынан тұрады.

29. Мемлекеттік бағдарламаны іске асырудың тиімділігін бағалауды мемлекеттік бағдарламаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік орган (ішкі бағалау) және уәкілетті орган (с ы р т қ ы б а ғ а л а у) жүргізеді.

Бағалауды өткізу процесі:

1) мемлекеттік бағдарламаны және іс-шаралар жоспарын іске асыру барысын;

2) материалдық, еңбек және қаржы ресурстарын пайдаланудың тиімділігін;

3) жоспарланған міндеттерге және индикаторларға қол жеткізу дәрежесін;

4) мемлекеттік бағдарламаны іске асырудың елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпалын талдаудан тұрады.

Уәкілетті орган жауапты мемлекеттік орган беретін мемлекеттік бағдарламаны іске асыру барысы туралы есептерді талдайды және қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметіне мемлекеттік бағдарламаны одан әрі іске асырудың орындылығы туралы қорытынды тапсырады.

Уәкілетті орган сыртқы бағалауды жүзеге асыру үшін ғылыми-зерттеу ұйымдарын және басқа да ұйымдарды тартуға құқылы.

30. Мемлекеттік бағдарламаны аяқтау туралы шешім қабылдау кезеңі:

1) бірге орындаушылармен бірлесіп, мемлекеттік бағдарламаны әзірлеу үшін

жауапты мемлекеттік органның мемлекеттік бағдарламаның іске асырылу нәтижелері туралы түпкілікті есепті дайындауын қамтиды, онда:

мемлекеттік бағдарламаны іске асыру барысында қол жеткізілген нәтижелер;
мемлекеттік бағдарламаның жоспарланған міндеттері мен индикаторларына қол ж е т к і з у д ә р е ж е с і ;

мемлекеттік бағдарламаны іске асырудың елден әлеуметтік-экономикалық жағдайына мультипликативтік әсері көрсетіледі;

2) мемлекеттік бағдарламаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік органның мемлекеттік бағдарламаны іске асыру нәтижелері туралы түпкілікті есепті Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасының Үкіметіне және уәкілетті о р г а н ғ а ұ с ы н у ы н а н ;

3) мемлекеттік бағдарламаны іске асыру туралы түпкілікті есепті Қазақстан Республикасы Президентінің карауынан;

4) мемлекеттік бағдарламаның аяқталғаны және оны бақылаудан алу туралы шешім қабылдаудан тұрады.